

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 787 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қаңтардағы N 57 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.13. N 692 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 13 тамыздағы N 692 (ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Азаматтық пиротехникалық заттарды және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 787 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 22, 240-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Осы көрсетілген қаулымен бекітілген азаматтық пиротехникалық заттарды және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі біліктілік талаптарында:

#### 1 - т а р м а қ т а :

"әзірленетін бұйымдар жатады." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Пиротехникалық бұйымдар қолданылу кезінде ықтимал қауіптілігі дәрежесіне қарай 4 сыртқа бөлінеді:

1-сынып - қауіпті факторлар ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, кинетикалық қозғалыс күші 0,5 Дж-дан аспайтын, бұйымнан 0,25 м аралықтағы акустикалық сәулеленуі 125 ДцБ-дан аспайтын, ал қалған факторлар бойынша қауіпті аймақ радиусы 0,5 м-ден аспайтын бұйымдар (бенгаль шамдары, шартылдақтар, үстелге қойылатын фонтандар, зырылдауықтар, көбелектер);

2-сынып - қауіпті факторлар ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, кинетикалық қозғалыс күші 5 Дж-дан аспайтын, бұйымнан 2,5 м аралықтағы акустикалық сәулеленуі 140 ДцБ-дан аспайтын, ал қалған факторлар бойынша қауіпті аймақ радиусы 5 м-ден аспайтын бұйымдар (ұшатын фейерверктер, түгінді фейерверк бұйымдары,

шағын-отшашулар, концерттік фонтандар);

3-сынып - қауіпті фактор ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, кинетикалық қозғалыс күші 20 Дж-дан аспайтын, бұйымнан 5 м аралықтағы акустикалық сәулеленуі 140 ДцБ-дан аспайтын, ал қалған факторлар бойынша қауіпті аймақ радиусы 20 м-ден аспайтын бұйымдар (шағын рим шырақтары, үйкеліс петардалары, білтелі петардалар және петарда орамдары, жер үсті фейерверктері, шағын зымырандар);

4-сынып - қауіпті факторлар ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, ал қауіпті аймақ радиусы қалған факторлардың біреуі бойынша 20 м-ден астамды құрайтын бұйымдар (азаматтық кәсіби пиротехникалық бұйымдар)";

1) тармақшадағы "тұрмыстық мақсаттағы" деген сөздерден кейін "1-3 қауіптілік сыныбындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "арнаулы мақсаттағы" деген сөздерден кейін "4 қауіптілік сыныбындағы" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "жабдықталған" деген сөзден кейін " пиротехникалық бұйымдарды сақтау мен сатуға арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші тармақпен толықтырылсын:

"5. 4-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлеріне лицензиясы бар заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер 1-4 қауіптілік сыныбындағы пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға берілген лицензия бойынша сатып алады (қосымшаға сәйкес), ал 1-3 қауіптілік сыныбындағы пиротехникалық бұйымдарды оларды сатып алуға лицензия талап етпей, халыққа еркін сатады";

осы қаулыға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 20 қаңтардағы

№ 57 қаулысына

қосымша

Қосымша

**Қазақстан Республикасының Ішкі істері**

---

(ішкі істер органының атауы )

20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ лицензияның түбіртегі

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның, филиалдың,

\_\_\_\_\_ өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.,

\_\_\_\_\_ олардың заңды мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының нөмірі,

\_\_\_\_\_ сериясы, кім және қашан берген)

дербес

жауапкершілігі

бойынша

\_\_\_\_\_ (азаматтық пиротехникалық заттардың

\_\_\_\_\_ және олардың қолданылуымен жасалған

\_\_\_\_\_ бұйымдардың атауы және саны)

\_\_\_\_\_ сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап алты ай

мерзім ішінде жарамды

М.О.

Бастық \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, қолы)

**Ескерту.** Лицензия берген ішкі істер органында қалады.

(Бланкінің жалғасы)

**Қазақстан Республикасының Ішкіісмині**

\_\_\_\_\_ (ішкі істер органының атауы )

20 \_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

**№ \_\_\_\_\_ лицензияның нұсқасы**

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның, филиалдың,

\_\_\_\_\_ өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.,

\_\_\_\_\_ олардың заңды мекен-жайы)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының нөмірі,

сериясы, кім және қашан берген)  
дербес жауапкершілігі бойынша

\_\_\_\_\_

(азаматтық пиротехникалық заттардың

\_\_\_\_\_

және олардың қолданылуымен жасалған

\_\_\_\_\_

бұйымдардың атауы және саны)  
\_\_\_\_\_ сатып алуға берілді.

\_\_\_\_\_

Берілген күнінен бастап алты ай  
мерзім ішінде жарамды  
М.О.

Бастық \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы)

**Ескерту.** Сатып алушының қолында қалады. Пиротехникалық бұйымдарды сатып алу кезінде сатушы ұйым сыртқы жағына сатылған пиротехникалық өнімнің атауы мен санын көрсетіп жазады.

(Бланкінің жалғасы)

**Қазақстан Республикасының Ішкіісмині**

\_\_\_\_\_

(ішкі істер органының атауы )

20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ лицензия

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның, филиалдың,

\_\_\_\_\_

өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.,

\_\_\_\_\_

олардың заңды мекен-жайы)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының нөмірі,

сериясы, кім және қашан берген)  
дербес жауапкершілігі бойынша

(азаматтық пиротехникалық заттардың

және олардың қолданылуымен жасалған

бұйымдардың атауы және саны)  
сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап алты ай  
мерзім ішінде жарамды  
М.О.

Бастық \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы)

**Ескерту.** Сатушы ұйымда қалады. Сыртқы жағына сатылған  
пиротехникалық өнімнің атауы мен саны көрсетіліп жазылады.

Пиротехникалық! Саны !Шығарған!Пиротехникалық! Саны !Шығарған  
бұйымның атауы!\_\_\_\_\_! елі !бұйымның атауы!\_\_\_\_\_! елі  
!қор.!дана! ! !қо.!дана!  
!а п ! ! !ра п ! !  
!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!

20\_\_ж. "\_\_\_"\_\_\_\_\_

!20\_\_ж. "\_\_\_"\_\_\_\_\_

Сатушы ұйымның \_\_\_\_\_!Сатушы ұйымның  
мөртаңбасы \_\_\_\_\_!мөртаңбасы\_\_\_\_\_  
(жауапты адамның қолы) (жауапты адамның қолы)